

К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым!» атты Республикалық әншілер конкурсы - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының ұйғарымымен 2001 жылдан бері халық ақыны, ұлы композитор, әнші Кенен Әзірбаевтың музыкалық шығармашылығына арналған «Шырқа, даусым!» атты республикалық конкурсты екі жылда бір өткізу дәстүрге айналды. Бүгінгі күнге дейін конкурс 8 рет өткізілді. (2001 ж. 2003 ж. 2005 ж. 2007 ж. 2009 ж. 2011 ж. 2013 ж. 2016 ж.). Байқауды өткізген сайын сапа да артып келеді. Мысалы, алғашқы байқауларда үміткерлер тек «Бозторғай», «Көкшолақ», «Қайран жастық», «Базар-Назар», «Ой, жайлау» сияқты бес-алты әндердің айналасынан аспаушы еді. Бірте-бірте «Шырқа, даусым!», «Жас екпін», «Көпшілік, тыңда әнімді», «Қайран ел, қайда?» «Жаңа заң», «Сынаптай сырғақ дүние», «Бал құйылды даладан», «Мөртай сұлу», «Әнім қалсын», «Күләшқа» секілді көптеген бұрындары орындала бермейтін елге белгісіз, тіпті, автордың өз орындауында жазылмай қалған әндерімен толығуда. Бұл күнде осы байқауларда бас жүлдеге ие болып, лауреат атанған Шолпан Даржанова, Ардақ Балажанова, Жазгүл Даңылбаева, Ақан Әбдуалиев, Тілеулес Құрманғалиев сияқты халық мұрасын насихаттаушылар әншілік өнермен қоса Астана, Алматы қалаларындағы өнер университеті мен консерваторияда, Ж.Елебеков атындағы өнер колледжінде Жетісу әндерінен сабақ беріп жүр. Саят Медеуов, Айгүл Иманбаева, Мақсат Базарбаев – Кенен ауылынан шыққан өнерпаздарымыз, ел мақтаныштары. Өнер аламанының жеңімпаздары Клара Төленбаева мен Анар Құмарова – Президент оркестрінің белді әншілері. Бейбіт Мұсаев, Данияр Сқақ, Ерболат Шалдыбеков – Алматы облысы филармониясының танымал орындаушылары. Ал Мархаббат Мықтыбеков әйгілі «Қоңыр» тобын құрып, ел құрметіне бөленіп жүргені көпке мәлім. Осы байқаудың арқасында халық әніне телініп, өлеңдері бұрмаланып, өзгеріске ұшыраған «Ой, жайлау», «Қызыл қайнар», «Мөртай сұлу» «Жас екпін» сияқты әндері қайта жанданды. Сазгердің әндерін ашу, дұрыс орындалуын бақылау, өнерпаздарды шыңдау сияқты толып жатқан талаптарды іске асыруда өнер додасы біраз деңгейге көтерілгені сөзсіз.